

ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY

FTAMP 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2021_1_63

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕ МҰСЫЛМАНДЫҚТЫҢ
ТАРАЛУЫН БАҚЫЛАУҒА АЛУ

Рустемов Саулебек Керимбекұлы¹, Шашаева Малика Әуезханқызы^{1*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы қ., Қазақстан

*Автор-корреспондент

E-mail адрестер: rust965@rambler.ru (Рустемов), ma.shashaeva@mail.ru (Шашаева)

Түйіндеме. Бұл мақалада Түркістан өлкесіндегі мұсылмандықтың таралуын бақылауға алудың полицейлік әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Арнайы іс-құжаттарда, құпия нұсқауларда, сонымен қатар полиция департаментінің айналымдық хаттарында мынадай мәліметтерді жинау туралы бұйрық берілді: жергілікті тұрғындардың көңіл-күйі қайда ауады, аймақтағы билікке деген көзқарастары, халықаралық шиеленістер бола қалса олар қандай ұстанымда болады, өздерінің тәуелсіздігі туралы еске ала ма, жастарыкімді жақтайды, болашақта олардан не күтуге болады, мектептер мен медреселерде кімдер сабақ береді, жаңа тәсілдік мектептер қанша, оларда қанша ұстаз бен шәкірт бар, қандай пәндер оқытылады. Жыл сайын осындай мәліметтер полицияның құпия тыңшылары арқылы жиналатын.

Осындай тәсілдердің бірі жергілікті тұрғындар санасындағы тәуелсіздікті, діні және т.б. туралы естеліктерді жоюға бағытталды. Халықтың санасына қарсыласудың мүлдем бекер екендігін сіңіруге күш жұмсалды.

Кілт сөздер: Түркістан, мұсылман, миссионер, полиция, құпия, мектеп, медресе.

Мақала ИРН АР08855385 «Қазақстандағы мұсылман және православия миссионерлері: қызметі мен нәтижелері (XIX – XX ғ. басы)» жобасы аясында жазылды.

МРНТИ 03.20

НАДЗОР ЗА РАСПРОСТРАНЕНИЕМ МУСУЛЬМАНСТВА
В ТУРКЕСТАНСКОМ КРАЕ

Рустемов Саулебек Керимбекович¹, Шашаева Малика Әуезханқызы^{1*}

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, г. Алматы, Казахстан.

*Автор-корреспондент

E-mail адреса: rust965@rambler.ru (Рустемов), ma.shashaeva@mail.ru (Шашаева)

Аннотация. В данной статье рассматриваются методы полицейского надзора за распространением мусульманства в Туркестанском крае.

В деловых бумагах, секретных инструкциях, а также циркулярных письмах департамента полиции имеются указания о сборе данных: умонастроение местного населения, его отношение к администрации края, выяснение позиции которе оно могло принять в международных конфликтах, сохранение памяти о независимости, выбор и поддержка молодежью одной из противостоящих сторон, чего можно ожидать от них в будущем, кто преподает в мектебах и медресе, количество новометодных школ, какие предметы изучаются, численность учителей и обучающихся учащихся т.д. Каждый год эти сведения собирались негласно полицейскими через тайных агентов.

Одним из таких методов являлось искоренение из памяти коренного населения идей о своей независимости, религии предков и т.д. В сознании народа укреплялась мысль о бесполезности сопротивления полицейско-административной власти.

Ключевые слова: Туркестан, мусульманин, миссионер, полиция, секретно, мектеба, медресе.

Статья написано в рамках проекта: ИРНАР08855385 «Мусульманские и православные миссионеры в Казахстане: деятельность и результаты (XIX – начало XX веков)».

IRSTI 03.20

OVERVIEW OF MUSLIMS IN TURKESTAN REGION

Rustemov Saulebek Kerimbekovich¹, Shashaeva Malika Auezkhankyzy^{1*}

¹Institute of History and Ethnology. Ch.Ch. Valikhanov, Almaty, Kazakhstan

*Corresponding author

E-mail: rust965@rambler.ru (Rustemov), ma.shashaeva@mail.ru (Shashaeva)

Abstract. This article examines the methods of police surveillance over the spread of Islam in the Turkestan region. In official papers, secret instructions and in circularic letters of the Police department, there were instructions on data gathering about frame of mind of a local population, it's attitude to administration of the territory, what position they could accept in the international conflicts, whether an idea of independence was kept in memory, who was supported by youth, what could be expected from them in the future, who taught in schools and medreses, how many schools taught by new methods, how many teachers and pupils were in them, what subjects they taught, etc. Each year these objects of information were gathered through the secret agents, privately by policemen.

One of such methods was eradication the ideas of independence, religions etc. from the memory of local population. The idea of uselessness of resistance to police – administrative authority had to be strengthened in consciousness of native population.

Key words: Turkestan, Muslim, missionary, police, secret, mekteb, medrese.

The article was written within the framework of the project: IRN AP08855385 “Muslim and Orthodox missionaries in Kazakhstan: activities and results (XIX - early XX centuries)”.

Кіріспе. Қазақ елі Ресей империясының құрамына кірген тұста, патшалық билік алғашқыда тұрғылықты халықтар арасында христиан дінін уағыздауды қолға алған еді. Алайда, көп ұзамай-ақ бұл іске жұмсалған күш-қаржының нәтижесіз, бос әуешілік екені анықталды. Сол себепті XIX ғасырдың екінші жарымынан бастап исламға көңіл бөлініп, қолдау көрсетіле бастады. Уфада мүфтиат құрылып, Семейде, Қарқаралыда т.б. қалаларда жаңа мешіттер салынды. Қазақ жерінде көпшілігі татарлар мен башқұрттардан тұратын молдалар дайындау ісі қолға алынды. Ендігі міндет, түрлі миссионерлік қызметтер арқылы қазақ жерінде исламның кең қанат жайуына жағдай жасау болды. Бұл бастапқыда ойдағыдай болғанымен, біртіндеп бақылаудан шығып кетіп, әр түрлі мүдделердің қақтығысына алып келіп, тіпті халықаралық сипатқа көше бастады. Әрине отарлық мүддеге жат бұндай әрекеттер, әсіресе жергілікті тұрғындарды тізгіндеудің тиімді деген бір тәсілі ретінде қарастырылған исламды енгізудің басқа арнаға бұрылмауын толық бақылауға алу Ресей Ішкі істер министрлігінің өзіне бағынысты мекемелерінің күзіретіне берілген еді. Мақалада деректік құжаттар негізінде осы мекемелер жұмысының мұсылмандықты енгізудің Түркістан өлкесінде қалай жүргізілгенін бақылауға алғандығы туралы баяндалады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуге қажетті материалдар Өзбекстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағатының 461 – Түркістан аудандық сақшылар бөлімінің қорында жақсы сақталған. Негізгі деректердің дені Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағатының қорларынан алынды. Соның ішінде аса құпия болып саналатын 73 «с» - Жетісу облысы, Верный қаласы іздестіру пункті меңгерушісі деген қорда мұсылмандықтың енуін қатал қадағалау мәліметтері жиі кездеседі. Мысалы, 65 – Полиция басқармасының Жетісу Жандармдық бөлімі деген қорда жандармдар бөлімшесінің мұсылмандықтың қазақтар арасында таралуын қадағалауға қатысты бұйрықтар, ережелер, айналымдық хаттар және қылмыстық істер, саяси партиялар, әр түрлі іздестіру шаралары жөніндегі мәліметтер бар.

Мақаланы жазу барысында жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдар, жаңа көзқарастар тұрғысынан жазылған зерттеулер басшылыққа алынды. Тақырыптың методологиялық негіздері диалектикалық тарихи даму заңдылықтары мен өркениеттілік, салыстырмалық, талдау, жинақтау және қорыту, жүйелілік әдістері арқылы берілді.

Талдау. Түркістан өлкесіндегі мұсылмандық қозғалыс пен ислам дінінің таралуы туралы полиция мәліметтерінің кейбір үзінділері К.Р. Несіпбаева (Несіпбаева, 1997:16), А.Ш. Махаева (Махаева, 1999:8-14) және С.К. Рүстемовтың (Рүстемов, 2000:48) зерттеулерінде берілген.

Вена университетінің профессоры Андреас Каппелер зерттеуінде Ресейдің мұсылман елдеріне қатысты жүргізген саясаты сөз болған. Патшалық Ресейдің Түркістан өлкесіндегі мұсылмандарға қатысты жүргізген саясатының негізгі екі жолы болды. Оның біріншісі агрессивтік (зорлық, күштеу) болса, екіншісі прагматикалық (майысқақ, жұмсақ) болды деп көрсетеді (Каппелер, 2003:129-135).

Біз қарастырып отырған мәселенің ғылыми әдебиеттерде баяндалу тарихына жасалған шолу тақырыптың арнайы зерттеу объектісі болмағанын аңғартады. Осы уақытқа дейін мұндай мәселені арнайы қарауға қажет алғы шарттар қалыптаса қойған жоқ-тын. Ондай қолайлы жағдай еліміз егемендік алғаннан кейін ғана қалыптасты. Мұның өзі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айғақтай түседі.

Нәтижелер. Жас түрікшілер комитетінің Ресейге енген үгітшілері қызметі нәтижесінде мұсылман тұрғындары арасында ислам идеясы кең тарала бастады. Жетісу өлкесіндегі осы идеяны таратушылар негізінен татарлар болды. Олардың қызметіне тыйым салу және бақылау үшін Жетісу облысының әскери губернаторы, ояз бастықтарына аса құпия хат жолдайды (КРОММ, 36:1-2).

Хатта ояз бастықтарына қарамағындағы аудандағы пайда болған еш бір әрекетсіз жүргендерді және мұсылмандардың қандай да болмасын бас қосуларын астыртын бақылауға алуды бұйырады. Сол үшін Пішпек оязы бастығына екі құпия қызметкер алуға, Жаркент пен Лепсі ояз бастықтарына -әрқайсысына айына 25 р. жалақы төленетін бір-біреуден құпия тыңшылар жалдауға рұқсат береді.

Бұл орынға сәйкес келетін адам табылмаған жағдайда жандармдар офицері ротмистр Астраханцев ояз бастықтарына құпия тыңшылар бөліп, саяси іздестіру ісімен таныстырады делінген болатын. Енді сол деректің мәліметін келтірейік:

«1913, 30 шілде. - Жетісу облысы әскери губернаторының мұсылмандарды астыртын қадағалауы туралы Жетісу өңірінің округ басшыларына бұйрығы.

№1604

Аса құпия, өз қолына

Верный қ. Циркулярлық

Ресейге эмиссарларларын жіберген жас түрік комитеттерінің белсенді жұмысының арқасында панисламизм идеялары Ресейде тұратын мұсылман халықтары арасында кең тарала бастады. Бұл идеялардың Жетісу өңіріндегі тікелей бастамашылары - татарлар және ішінара сарттар еді.

Уезд басшыларына өздеріне жүктелген жерлерде белгілі бір кәсіппен айналыспайтын адамдардың пайда болуына баса назар аударуды, сондай-ақ мұсылмандар арасындағы қандай да бір басқосуларға жасырын қадағалауды орнатуды тапсырамын. Осы мақсатты орындау үшін Пішпек уезі басшысына екі құпия офицерді, ал Жаркент пен Лепсі уездерінің бастықтарына - бір-бірден 25 рубльден аспайтын ай сайынғы жалақы бөлумен алуға бұйрық етемін. Бұл үшін ақша аймақтық Басқарманың бұйрығымен босатылады.

Егер тиісті қызметкерлерді дәл сол жерден табу мүмкін болмаса, оларды іздеп табу мен саяси тергеу ісімен таныстыру жандарм офицері ротмистр Астраханцев пен уездер басшыларының құзырына беріледі.

Сонымен қатар, уезд басшылары құпия қызметкерлері немесе сенімді адамдарды тарту арқылы да ай сайын мәліметтер жинауы керек.

Жетісу уездерінің басшыларына: уездердің мұсылман және христиан тұрғындарының көңіл-күйі туралы, аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы, жергілікті жерлердегі қоғамдық тыныштықты бұзатын қауесеттер туралы, сондай-ақ қоғам қайраткерлерінің теріс қылықтары туралы ақпараттар мен қоғамның назарын аударған және жалпы алғанда белгілі бір дәрежеде арандататын оқиғалар, қоғамдағы қауесеттер мен толқулар туралы немесе олардың кейбіреулері туралы мәліметтер жинастыру қамтамасыз етілсін.

Бұл мәліметтерді аймақтағы саяси тергеу бөлімінің бастығы Ротмистер Астраханцевке жіберу керек, ол маған есеп береді.

Маған сеніп тапсырылған аймақтағы саяси және қоғамдық өмірдің тынысын бақылауға ерекше мән бере отырып, мен Уезд басшыларынан сұрайтыным, бұлардың барлығын мұқият зерделеп, толық назар аудара отырып маған жеткізгенде ғана олардың осы мәселеге деген көзқарастары мен аймақтағы халықтың шын көңіл-күйін мен кеңінен біле алатын боламын.

Генерал лейтенант Фольбаум (ӨРОММ, 90:41-41 а).

Сонымен қатар ояз бастықтары құпия тыңшылармен қатар сенімді адамдар арқылы, ояздағы христиан тұрғындары мен мұсылмандардың көңіл күйі жайында аса қауіпті қылмыстар жайында, жергілікті жердегі үстем болған өсек-аяң, әкімшіліктегі, қоғамдағы қызметкерлер арасындағы қызмет бабын пайдаланушылық туралы, жалпы қоғамдағы қобалжулар мен ой-пікірлер туралы мәлімет жинауға міндеттелді.

Барлық мәліметтер саяси іздестіруді басқарушы ротмистр Астраханцевке жіберілді. Ол мәліметтерді өңдеп аса маңызды деп тапқандарын әскери губернаторға баяндап отырды.

Жетісу облысының Батыс Қытай мен Қашқарға жақын орналасуы себепті Құлжа ауданына бөлінетін қаржының есебіндегі, ерекше шараларға жұмсалатын қаражат құпия агенттер мен тыңшыларға сый ретінде берілетін. Қашқардағы ағылшындар әрекеті жайында жіберілген тыңшылық бір мәліметке тоқталар болсақ, оны № 119-шы 1874 жылдың 12 қазанындағы генерал-адъютант Игнатъевтің императорға жіберген рапортынан көруге болады: «ағылшын елшісі Г. Форсит Қашқарда көп жетістіктерге қол жеткізгені белгілі болды. Ол Қашқар басшысы Атталыға «Падишахтың сенімді әмірі» атағын ұсынды. Осы саясаттың дәлелі ретінде жылына оған 10000 фунт бөлінбек. Менің алған мәліметім бойынша (агент Капуке-хан) жақында Қашқардан Англия мен Константинопольге елші жіберіліп, дін жағынан сұлтанға бағыну жайында келісімге келмек. Форсит жауынгер қашқарлықтарды бізге қарсы айдап салуда еш нәрседен тайынбайды. Жаппай қарулануды ұсынып, бізге қарсы көтерілуге үндеуде. Атталықтың сеніміне кіріп алған ағылшын тыңшысы Г. Шоу саяси және коммерциялық әрекеттерге ғана емес әскери миссияға да рұқсат алды. Бұрынғы үнді-ағылшын армиясының отставкадағы офицерлері Қашқар әскеріне нұсқаушылыққа (инструктор) ұсынылды» (ӨРОММ, 338:26). Кейінгі кезеңдегі шекарадағы жағдайлардың шиеленісе түсуі нәтижесінде, ішкі бақылау мен сыртқы барлауды күшейту үшін тыңшылар мен агенттер санын көбейту қажет болды. Олардың кездегі жалақысы мен аса маңызды мәліметтер үшін берілетін сый ақылары мардымсыз еді. Міне, сондықтан Жетісу облысы әскери губернаторы, Түркістан генерал-губернаторына жіберген рапортында бұрынғы 2 мың руб. орнына қазіргі кезде 6 мың руб. керек екендігін баяндайды. Оны Құлжа ауданына бөлінген қаржыдан алу мүмкін еместігі де айтылады (ӨРОММ, 970:6).

Мемлекеттің тыңшылық әрекеттерге жұмсаған шығындары өте зор болды. Ал ол шығындар қаншалықты ақталғандығына келетін болсақ, тыңшылардың берген мәліметтері әр қашанда шын жағдайды дәл сипаттаудан аулақ болды. Оны мұрағат деректері анық түрде дәлелдейді.

Түркістан аудандық сақшылар бөліміне Константинопольде шығатын апталық «Хавер» (Хабар) деген газеттің парсы тіліндегі тексті келіп түседі. Оны орыс тіліне аудармашы Мамедов аударады. Орыстардың әрекетінің тағылығы мен тежеусіздігі осы құжаттан айқын көрінеді. Бұл құжат Ташкент қаласындағы Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік Орталық Мұрағатының 461 қорынан алынды. Мақаланың тақырыбы «Ресей – мұсылман әлемнің басты жауы» деп аталады. Бүкіл халықтың тағдыры талқыға түскен заманның ащы шындығы көрініс беріп, қазақ халқының басына түскен ауыртпалықты еске салады. Тарихтың бір міндеті өткенді өшірмей ұрпаққа еш бояусыз жеткізу болғандықтан мақаланың толық текстін еш қоспасыз бердік: «Осы уақытқа дейін әлемдік тарих беттері мен халық аузынан келіп жеткен аңыз-әңгімелері, орыстардың мұсылмандарға қатысты бірде-бір қайырымды істерін білген емес. Бұл мемлекет пен халық өз саясатының негізінде, бақыты мен дамуында мұсылмандарды өлтіру мен жоюды негізге алады. Мұсылмандардың сыйынатын қасиетті орындарын талқандаудан орыстар зор ләззат алатын. Ешқашан да ешбір христиан мемлекеттері мен халықтары мұсылмандарды дәл осы орыстар сияқты езгіге салып, қинаған емес. Мұсылман мемлекеттері мен дінінің өмір сүруін өз дамуларының

кедергісі санаған орыстар, әрбір ыңғайлы сәтте мұсылмандар жүрегіне жара салып, оған үнемі тұз сеуіп отырды.

Біздің ойымызша, көк аспан астындағы мұсылмандар арасынан орыстарға риза бірде-біреуі табылмас. Басқа мемлекеттердің мұсылмандарға деген көзқарасы, Ресеймен және оның көзқарасымен мүлде жанаспайды. Орыстар әкесін (патшаны) өлтірушілер – олар әрбір түріктің, парсының, ауғанның және барлық мұсылманның ортақ жауы. Барлық езгі мен қиналыстың дәл қазіргі мұсылмандардағы жағдайы орыстардың әрекетінен немесе олардың қитұрқы істерінің нәтижесінен. Егерде мұсылман бейіттері сөйлей алатын болса, біз олардың орыстардан көрген қорлығын тізбелеп оларға қарғыс жаудырғанын естір едік. Орыстар мыңдаған түріктер мен парсыларды өлтірді, мыңдаған үй-жайларын талқандады. Мұсылмандардың тәуелсіздігін ешбір санасусыз аяқ асты етті. Улемдерді (оқымысты-ғалымдарды) және атақты дін басыларды орыстар дарға асты, отанын қорғаушылар мен құтқарушыларды өлтірді, олар мұсылман жерлерін, ауылдарын, бейіттерін, ескерткіштері мен қасиетті орындарын қорлады. Мұсылмандарды қорлау мен зорлық көрсетуді орыстар өздерінің міндеті санайды.

Орыстардың жаман қылығын айтудан қаншалықты бас тартайық десек те, олардың тағылығы мен зорлығын көргенде өзімізді тежей алмай, олардың өткендегі бәріне белгілі әрекеттерін түгендей бастаймыз. Олардың Мешхед қаласындағы (Персия) бассыздығы мен Имам Рзаның (Мұхамедтің ұрпағы) қасиетті мазарын бомбалауын біз әлі ұмытқан жоқпыз. Жақындап келе жатқан мадарам айы (қыркүйек айымен сәйкес келеді) жүрегіміздің түбінде жатқан жарамыздың бетін тырналайды. Тура осы айда орыстар біздің ағайындарымызды дарға асқан еді. Олар миллиондаған адамдар табынуының символы болған Суқатул-Исламды (діни лауазым иесі), отанын саппай орыс шенеуніктерінің ойлаған істерін іске асыру үшін қолындағы қуыршағы болудан бас тартқаны үшін өлтірген болатын. Олар бұл қылмысын қасиетті имам Хусейннің қазасының он күндігінде жасаған еді. Олар не құдайдан, не адамдардан ұялмады.

Біздің ойымызға да келмейтін нәрсе, өркениеттің, ғылымның және білімнің дамыған XX ғасырында Еуропада, езгі мен зорлықтың нәтижесінде адамзат пен мұсылмандардың жеккөрінішіне дәл орыстар сияқты ие болған адамдар табылмас. Жаңарған Персияны орыстар тонап, талқандады, оның үйіндісін өз меншіктеріне айналдырды. Олардың өз еркімен саудамен т.б. істермен айналысуына бір минут өтпестен орыстардың зорлық-зомбылығына ұшырайды. Бір жерден екінші жерге көшсе де орыстардың қудалауынан құтылмайды. Мәдениетсіз және Құдайға да жағымсыз қылықтарымен орыстардың бүкіл әлемге белгілігі соншалық, европалықтар оларды (орыстарды) ісі мен саясатына сәйкес қанды ауыз аю ретінде бейнелейді. Салмақты баспасөз беттерінде оларды солтүстік аюы деп атайды. Шындығында олардың ісіне жақсылап талдау жасасақ, қанқұмарлық тәніне, қанына сіңген. Адам қанын төгуде, зорлық-зомбылық жасауда, үй-ошақты талқандауда ешбір халық орыстармен теңесе алмайды. Мұсылмандар, армяндар, еврейлер және барлық адамзат орыстардан қатты тітіркенуде. Орыстар барлық халық пен ұлттардың тәуелсіздігіне қол сұққан. Поляктар, украиндар, Дағыстан мұсылмандары, түркістандықтар, грузиндер және лаздар орыс езгісі мен зорлығынан қаза болуда. Персия мен парсыларды орыстардың тонауының нәтижесіндегі шығынның орынын жүздеген жылдар ішінде толтыру мүмкін де емес. Қандай болмасын парсы бай болсын, кедей болсын, ересек немесе кәмелетке толмаған, әйел немесе жас бала мен бүкіл мұсылман қауымы орыстарға қарғыс айтады. Орыстардың зорлығы нәтижесінде күйзеліс үні естілмейтін үй жоқ.

Біршама жылдар бұрын орыстар Кавказ армяндары мен мұсылмандары арасына кикілжіңдер дәнін сеуіп, соңынан оларды тыныштандыру мақсатын желеу етіп, екі жақтың да үйлері мен ауылдарын өздерінің казактарының талқандауына жол беріп, жүздеген мың адамдардың өліміне себеп болды. Орыстар Балқан мемлекеттері одағының пайда болуына кінәлі, нәтижесінде Түркия өзінің европалық иелігінен айырылып, миллиондаған күнәсіз мұсылмандардың өліміне себеп болып, олардың үйлері мешіттері тонауға ұшырап, ар намысына арсыз күштеу жүргізілді.

Жоғарыдағы айтылған езгі мен зорлық-зомбылыққа қанағат-танбай, ашу-ызасын баса алмаған орыстар, серб анархистерін айдап салып, Австрия тағының мұрагерін өлтіруге итермелеп, дүние-жүзілік соғысқа себеп болды. Ол әлемдегі өркениеттің жойылуы мен мыңдаған адамдардың қан төгісіне мұрындық болған еді. Еуропадағы бейбітшіліктің бұзылуына себепкер орыстар адамзат пен өркениеттің жауы. Олар барлық

бақытсыздық пен қайғы-қасіреттің микробы. Соңғы кездегі оқиғалар, казактардың Хорасанға шабуылы, қанішер орыстардың Мешхедтегі әйелдер моншасына басып кіруі, Мешхедтегі орыс консулының казактардың айуандығы алдындағы шарасыздығы, орыстардың тағылығының тағы бір көрінісі болып, Мустафил-Мамалик кабинетінің қатал шаралар қабылдауына мәжбүр етті» (ӨРОММ, 1788:1-3).

Алыстағы Ирандағы оқиғалардың Түркістан өлкесіндегі оқиғалармен үндес екендігін Түркістан аудандық сақшылар бөлімінің құпия агенттері арқылы алынған мәліметтерінен байқауға болады. Соның бірі 1916 жылдың 6 тамызында жалған аты «Кари» деген құпия тыңшының мәліметі: «Әндіжанға кейінгі кезде сақшылар бөліміне келген төменгі шендегілер, қаладағы арақ-шарап ішімдіктерінің тежеусіз көп сатылуы нәтижесінде, маскүнемдікке салынып, көшеде бұзақылық әрекеттерге баруда. Тұрғындардың үйіне басып кіріп, әйелдерді зорлап, ұрлық, тонаумен айналысуда. Тыңшылық мәлімет бойынша 31-нен 1-ші шілдеге қараған күні Дәуірбақсы үйінің бағында екі орыс әйелі мен екі сарт әйелі отырғанда, төменгі шендегі және Әндіжан қаласының 2-ші бөлімшесінің аға полицейі Афанасидің (фамилиясы белгісіз) басшылығымен мас компания басып кіреді. Олар қарсылық көрсетсеңдер түрмеге жабамыз деп қорқытып барлық әйелдерді зорлайды.

Төменгі шендегі солдаттар мен полициялар ішімдікке салынып қана қоймай, Хамит Максумның, молда Зухраддиннің, мыңбасы Абдул Каюмбай және Шәкірбайдың әйелдері мен балаларын қорқытып үйінен жеміс-жидек пен заттарды тартып әкеткені де белгілі» (ӨРОММ, 1884:403).

Бұратана халықтардың ой-өрісіне, көңіл-күйіне, яғни рухани өміріне бақылау жасау ендігі жерде отарлаушылардың жерді отарлаудан, сананы отарлауға көшуінің алғы шарты ғана емес, нақты жүзеге асуы еді.

Полиция департаментінің жарлығымен, төменгі шендегілерге Жетісу облысы мұсылман тұрғындарының ақыл-ой, көңіл-күйі ауандарына бақылау жасау туралы арнайы бұйрығы шығарылды. Соның нәтижесінде 1906 жылдың 10 шілдесінде № 245-ші Түркістан генерал-губернаторының Жетісу өлкесі әскери-әкімшілік басқармасына жіберген іс қағазы жарық көрді (ҚРОММ, 1:5). Бұл іс қағазда халық-аралық жағдайға сипаттама беріліп, Қытай мен Ауғанстанның, Англия мен Оңтүстік Африка Республикалары арасындағы күрес, қазіргі Қиыр Шығыстағы оқиғалар христиан әлемі мен мұсылмандар арасының ушығуына алып келгендігі баяндалады. Міне осыған байланысты жергілікті мұсылман тұрғындарын ой-пиғылын тыңғылықты түрде бақылауға алу жайында өлке басшысының жарлығы жарық көрді. Жетісу өлкесінің мұсылман тұрғындары толық бақылауға алынды. Қандай да болмасын бұратаналардың ой-санасындағы жат пиғылдардың көрінісі бақылаудан тыс қалмай олардың елеулілері жоғарыға баяндалып отырылсын делінді. Деректерге жүгінсек, оның мазмұны төмендегідей:

«1906, 8 шілде – П.М. Верный қаласы Полицмейстріне Жетісу облысының әскери губернаторынан.

1-ші бөлімше, Стол-2, № 318,

Верный қ. Құпия.

10 шілдедегі №245 хатында Түркістан генерал-губернаторы Қытайдағы қазіргі оқиғалардың барысын және Англия мен Оңтүстік Африка республикалары арасындағы күресті мұқият бақылап, Ауғанстан әмірінің рухының оянуымен салыстыра келе, енді Қиыр Шығыстағы оқиғаларды назардан тыс қалдырмауды ескере отырып, жалпы бүкіл мұсылман әлемі Қытай мен христиан державалары арасындағы өршіген күреспен қалай қарайды деген ойға тоқталуға тура келеді, яғни олар қазіргі оқиғаларға мүлдем бейтарап, сабырлы пікірлесі болып қала ма, әлде оны исламның бұрынғы біртұтастық идеясын соншалықты жігерлі түрде жүргізіп отырған бұрынғы күшін ең болмағанда ішінара қалпына келтіру үшін қолданғысы келеді ме дегенді баяндаған.

Сондықтан, біздің мұсылмандармен арақатынасымыздың аса күрделі екендігін ескере отырып өлкенің Бас Басшысына қазіргі кезде мұсылман тұрғындарының ой-өрісіне неғұрлым мұқият бақылау жасауды және өздеріне бағынысты шенділерден жоғарыда аталған мәселелер бойынша Жетісу облысының мұсылман халқын бақылауға алу үшін тиісті жарлық беру керектігін ескертеді.

Жоғары Мәртебелім, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мұсылман тұрғындарының ой-өрісінің бағытын барынша мұқият бақылау үшін барлық тиісті

шараларды қабылдауды және назар аударуға тұрарлық барлық нәрсе көзге шалынғанда дереу жеткізуді сұраймын». (ҚРОММ, 8-1:84).

Бұндағы айтылған мәселе Ресей мен Қытай арасындағы Қиыр Шығыс үшін күреске мұсылман әлемі қалай қарайды? Ресей бодандығындағы мұсылмандардың көңіл ауаны қайда бұрады деген мәселелерге жауап іздеу болды. Бұның себебі, Далалық өлкеге ағылшындар мен Ауған әмірі де өз ықпалын жүргізуге ынталығын көрсеткендігінде болды.

Міне осындай жағдайда, жергілікті тұрғындардың бүйрегі қайда бұратындығын анықтау өзекті мәселелердің қатарында болды. Сөзіміз дәлелді болу үшін, Жетісу облысы әскери губернаторының сақшылар бөлімдері бастықтарымен хат алмасуы нәтижесінде алынған құпия мәліметіне жүгінейік: «Жоғары мәртебелім, менің сізге баяндайтыным қазіргі уақытта мұсылман тұрғындар арасында Балқандағы оқиғаларға деген қатты қызығушылық бәсеңдегенімен олардың арасында қобалжу басылар емес, бұл олардың көңіл-күйіндегі өрекеудің Ресейдің Түркиямен соғысушы христиан мемлекеттеріне берген көмегімен байланысты емес, қырғыз (қазақ) тұрғындарының барлығының мүддесіне сай келетін, үміт ететін жер мәселесіне байланысты. Қырғыздардың жерінің бір бөлігі қоныс аударушы орыстарға беріледі деген сыбыстың жүзеге асуымен қатар, көптеген ықпалды мұсылмандар енді түрікшіл болып алды. Олардың жер мәселесіндегі жалғыз үміті Түрік сұлтаны, ал Қытаймен шекаралас тұрғындар жерді бұрынғы негізде пайдалана отырып, Қытай үкіметіне үміт артады. Қытаймен соғыста Ресей жеңілсе ел ішіндегі бүкіл орыстарды қуып шығудан үміттенуде» (ҚРОММ, 1:5).

Міне осылайша мұсылман тұрғындары, бұрынғы жерлерін қайтарып алу үшін Ресейдің қандай да болмасын дұшпанына көмек беруге әзір екендігі көрінеді. Құрғақ, кеңсе тілімен жазылған сөзі сараң полиция мәліметтерінің мән-мағынасына тереңірек үңілсек, халықтық санасында тәуелсіздікке деген үміттің жоғалмағандығын көреміз. 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформа нәтижесінде елдің бас бірлігі бұзылып, жері талауға түскен еді. Халықтың рухани өміріне де үстемдік жасау әрекеттері бой көрсеткен болатын. Кеңселермен қатар мектеп, медреселерге де, елдің санасына «Жарылқаушы Иен» дегенді сіңіру ниетімен патша ағзамның портреті ілінсін дегенде халық тарапынан әлсіз болса да қарсылық бой көрсетті. Бұл да полиция тыңшыларының қырағы көзінен таса қалмаған еді: «Тұрғындар санасындағы жерді тартып алушы патша ағзам деген ойдың орын алуы себепті, олар тіпті патшаның портретін мектеп-медреселерде ілуге қарсылық көрсетуде, сақшылар бөлімдері мәліметі бойынша, шариғатта ілінбесін деген қағиданың жоқ екендігін анықтадық» (ҚРОММ, 10:60).

Еркіндік аңсағанның оған жетудің жолдарын іздестіретіндігі анық. Оның бір жолы сырттан қолдау іздестіру әрекеті болса, ол жайында мәлімет, 1916 жылдың 1-ші қаңтарында Ішкі істер министрлігінің, Полиция департаментіне Жетісу облысы әскери губернаторының сақшылар бөлімдері мен хат алмасуы барысында келіп түседі. Әлі толық тексерілмеген құпия мәлімет бойынша Ресей бодандығындағы мұсылмандар өкілдері Венаға келіп премьер-министр Штюрпген, сыртқы істер министрі граф Форгачтың қабылдауында ұзақ болып, оларға өздерінің төмендегідей өтініш-тілегін ұсынады:

1. Бұхара мен Хиуаны орыс өктемдігінен азат ету және оған Түркістанның қосылуы.

Қазан патшалығы мен Қырым хандығын қалпына келтіру, соңғысын Түрік сұлтанының қол астына алуымен.

Қырғыздардың (қазақ) әкімшілдік-саяси тәуелсіздігі.

Еділ мен Каспий теңіздерін бейтарап деп тану» (ҚРОММ, 2:18).

Бұл мәліметтерде осы құжатты жеткізушілердің де аты аталынғандықтан олардың шығу тегін, мекен жайын анықтау туралы полицияға арнайы міндет жүктеледі. Құпия мәлімет бойынша анықталғаны: «...түркі газетін шығарушы Юрду-Юсуф (оглы) Акчура (Жүсіп Акшора) басқа бір мәлімет бойынша Юрды-Юсуфоглы, орыс азаматтығында Симбирск губерниясында туып өскен, жергілікті бай фабриканттың туысы. Париж университетінің философия мен тарих факультетін бітірген. Келесі біреуі университет профессоры, газет редакторы Фуюзай-Али-Гусейнзаде, дін тану профессоры Махмад-Эссад-Эсиливзаде және Мукум-Эддин-Бейдшау (Мұхамеджан Бид-Шав) Бұхар азаматы» (ҚРОММ, 15a:10). Мәліметтерге жүгінсек, бұлар өздерін «орыс мұсылмандары комитетінен» деп көрсетеді. Бұл мәліметтер арқылы Жетісу съезіндегі Сырттановтың ұсынысының Венаға дейін жеткендігін байқаймыз.

Полиция департаменті мәліметтерін қарастыра отырып, жалпы мұсылмандық қозғалысты бақылау жан-жағынан қамтылғандығын байқауға болады. Осындай мәліметтердің бірі Верный қаласы іздестіру бөлімі бастығының әскери губернаторға жіберген 1916 жылғы 4-ші шілдедегі № 5263-ші хаты.

Басқарма басшысының 1915 жылға берген есебінде, алдыңғы қатарлы мұсылмандар өкілдері Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясына риза еместігін білдірді дейді. Олардың империядағы бірнеше миллион болатын мұсылман тұрғындарының мүддесін қорғай алмай отырғандықтан, алдағы Мемлекеттік Думаның шақырылуына, жер-жерден тәжірибелі, білімді мұсылман өкілдерін келуге үгіттеу жүргізіле бастағандығы баяндалды. Шақыру мұсылмандар фракциясының төрағасы Тевкелевтің Қазанда шығатын «Юлдуз» газетінде жариялануымен шықты. Мұсылман фракциясы жанынан құрылған кеңесші бюроның құрылу уақыты мен құрамы туралы мәлімет Полиция департаментінің 1916 жылғы 9-шы мамырында № 105301-ы іс қағазында тіркелді (ҚРОММ, 10:27).

Түркістан өлкесіндегі көптеген дін басыларының патша өкіметіне қатысты оппозицияға кетуінің бірнеше себептері болды. Патша өкіметі Түркістан діни басқармасын тарқатып, діни-әкімшілік билікті де өз қолына алып алған еді. Хандық билік кезінде мұсылман дін басылары зор артықшылықтарға ие болып, тіпті азаматтық басқаруда да үлесі бар еді. Сонымен қатар ірі жер иеленуші болатын. Патшалық Ресей құрамына енуімен қатар олар барлық артықшылығынан айырылып қана қоймай, бүкіл дүние-мүлікерінен айырылды, қарапайым тұрғындар деңгейіне түсірілді. Вакуфтық құқықтары барынша шектеліп, жер салығы және басқа да салықтар енгізілді. Вакуфтық жерлердің бір бөлігі тәркіленді. Полиция мәліметтеріндегі көрсетілген себептердің тағы біреуі Қажылыққа баруға салынған тыйым (1900 жылға дейін) делінеді. Қажылық дін басыларына мол қаражат көзін беретін. Бұл шараларды мұсылман дін басылары діннің дінін шайқалту әрекеті деп бағалады. Сонымен қатар медресе мен мектептермен бәсекеге түскен христиан дінінің тірегі болған орыс-түзем мектептерінің ашылуына да қарсы болды.

Мұсылман дін басыларының патшаға қарсы пиғылы мен оппозициялық жағдайы жайында Түркістан әскери округінің генерал-лейтананты Корольков өзінің 1898 жылғы 3 тамызда генерал-губернатор Духовскийге жіберген есебінде «беделді ишандар, мударристер, мутавали мен сол сияқтылардың басым бөлігі орыс үкіметіне жаулық пиғылда немесе қолдамайды», – деп жазды.

Полиция, жандармерия сияқты қадағалау мекемелерінің бірде ашық, бірде құпия әрекеттерінің кедергісіне қарамастан жеке бас амандығынан, ар-ождан мен ел-жер, рух тағдырын ту етіп ұстағандардың аумалы-төкпелі өмірі мұрағат мәліметтерінен көрініс береді.

Мұрағат қорларында сақталған әр түрлі құпия бұйрықтар, басшылыққа алынуға тиісті нұсқаулар, құпия мәліметтер, полиция, жандарм, іздестіру, сақшылар бөлімдеріне жоғарыдан түсірілген құпия жарлықтар отаршылдықтың жайған терең тамырын кеңсе тілімен, бұлтартпастан айғақтайды.

1909 жылдың 5-ші ақпанындағы № 212-ші Түркістан генерал-губернаторының: Сырдария, Ферғана, Жетісу және Самарқан облыстары әскери губернаторлары, Каспий жағалауындағы облыс бастығы мен Түркістан өлкесі училищелерінің Бас инспекторына жіберген аса құпия бұйрығында былай делінеді: «Жоғарғы мәртебелім сізге жергілікті уезд басшыларына бөлімше приставтары мен Түркістан өлкесі облыстарының халық училищелері инспекторларына жіберген нұсқауының (басшылыққа алынуға тиісті) бір данасын жібердім. Осы нұсқау бойынша, бұратана тұрғындарының көңіл-күйін бейнелейтін мәліметтер жинау, діни-тұрмыстық өмірінің қырларын анықтау үшін сізге бағынышты мекемелерге тапсырма берілсін. Мүмкіндігінше, ешбір босаңсыз бұратана тұрғындардың және ағарту мекемелерінің әрекеттерін қатаң қадағалап, аса құпия сақтықпен, жергілікті тұрғындар арасында тыңшылық әрекет жайында күдік тудырмастан бар мәлімет жиналсын. Әрекеттерінің берекесіздігі нәтижесінде жалпы, орыс өкіметі мен өлкедегі біздің билігімізге жайбарақат қарайтын тұрғындар арасында сезік тудырмауды баса айтыңыз» (ҚРОММ, 1:60).

Жергілікті әкімшілік-полиция басқармалары осы нұсқауды бағдарлама ретінде пайдаланып, жергілікті тұрғындардың ой-санасында, көңіл-күйінде болып жатқан өзгерістерді, жалпы мемлекеттік тұрғыдан алғанда қауіпті және зиянды болып табылатын ойдың өзінің алдын алу мәселесін қарастыруға тиіс болды.

Тұрақты түрде мәліметтер ағарту саласы бойынша (мысалы: оқулықтар, мешіттер саны, мектеп, медресе, ишандардың аты-жөні, қызметі) жыл сайын берілетін.

Жергілікті тұрғындар арасында өздерінің тәуелсіздігі туралы естеліктер сақталу дәрежесі қаншалықты? Әнші, күйші, термешілер осы жайында өкінішпен еске алатын өлеңдер, жыр т.б. айта ма? Қанша молда, қанша муддараси (мұғалім) бар? Қайдан білім алған? Жаңа әдістегі мектептер бар ма? деген нұсқаудағы сұрақтардан туындайтын ойдың өзі, сананы бақылаудың барлық жағы қамтылғандығының айғағы.

«Біздің дініміз бен құранды мазақ етіп, аяқ асты ету, біздің балаларымыз оқитын оқу орындарда дінімізді оқытуға тыйым салу, әкімшіліктің біздің арамызда христиандықты уағыздауға мықты көмек көрсетуі және осы әрекеттердің заңдылығын анықтауды талап еткендерді түрмеге жабу мен жазалау – міне бұл біздің даламызда үстемдік етуші заңсыздық пен озбырлықтың айқын көрінісі», – деп жазған еді М. Тынышбаев.

М. Тынышбаев өзінің саяси баяндамаларының бірі «Қырғыздар және азаттық қозғалысы» деген автономистердің І-ші съезінде (1905 жылы қараша) сөйлеген сөзінде мынаны айтқан еді: «Православие дінін қабылдаудан бас тартқаны үшін, қырғыз әйелінің басына қыл бұрау салып қинау, қырғыз тілінде өтініш пен арыз жазуға тыйым салу және тағы басқа да адамдардың ар-ожданы мен тұлғасына тұрпайы түрде қол сұғу мен зорлық жасау – мұның бәрі мырзалар, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында жасалып, әлі күнге құдай мен адамдардың жадынан шыққан алыс аймақта жүріп жатыр. Бұны тұрпайы, теократиялық және бюрократиялық ұлы Ресей державасы үкіметінің бұратаналар мен бөтен діндегілерге қарсы жасаған крест жорығы деп қалай атамаймыз» (Тынышбаев, 1993:16).

Сөзіміз дәлелді болу үшін жоғарыдағы нұсқаудан алынған бірнеше бапты келтірейік (барлығы 20 баптан тұрады) «5. Өздерінің тәуелсіздігі жөніндегі естелік халық санасында қаншалықты сақталған, жоғалтып алған тәуелсіздігі жөнінде өкінішпен еске алу, жеке әңгімелесу барысында, аңыздарында, ағаш көлеңкесі, мазарлар мен мешіттерде, тіпті ауыл арасында да, қыстақтарда айту орын ала ма?

Тұрғындар арасында басқа өлкеден келгендер, шет елден Түркиядан, Персиядан және Кавказдан шыққан революциялық сипаттағы идеялар таратушылар болды ма? Олардың қызметі неден көрінеді? Тұрғындардың көңіл-күйіне әсері қалай? Оларға қарсы қандай шаралар қабылданды?...

Бұратана тұрғындар арасында татар уағыздаушылар еніп кеткен жоқ па? Жаңа үлгідегі бұратаналар мектебі ашылды ма? Тұрғындар арасында (Вайзова Божьего полка) татар сектасының жақтаушысы бар ма? (Олардың ілімі бойынша жердегі барлық билік мойындалмайды, салық төлеуден бас тартады т.б.)

Тұрғындар орыс әкімшілігіне жалпы қалай қарайды? Бұрынғы кезбен салыстырғанда оған мойын ұсынбау мен өкпе реніш көрініс бере ме? Егер бұндай жағдайлар орын алса оның себебі анықталсын. Жастар арасында жаңашылдық бағыттар байқала ма? Ол неден көрінеді? Олардан болашақтан не күтуге болады?(ҚРОММ, 5590:2).

Міне осылайша жергілікті әкімшілік-полиция басқарма басшылары осы секілді сұрақтарға жыл сайын жауап іздеп, қаңтар айына дейін есеп беруге тиіс болды. Соның бір дәлелі Түркістан қаласының полиция приставының 1917 жылдың 13 қаңтарында, Шымкент уезд бастығына жіберген № 23 есебі (ҚРОММ, 5554:2).

Қорытынды. Сонымен қорыта айтар болсақ, Полиция департаментінің мұрағат қорларындағы іс-қағаздары мәліметтері сан-қырлы салалар бойынша жинақталған. Біздің қарастырып, көңіл қойғанымыз негізінен Түркістан өлкесіне қатысты құжаттар. Соның ішінде сананы бақылауға қатысты мәліметтер. Деректерде орын алған тұрғындардың мемлекет тұғырына, жекелеген шенеуніктерге және басқа мәселелерге қатысты қарсылықтары мен көңіл-күй, ой-санасындағы ауытқушылықтарын полиция, жандармерия өкілдері қалай түсіндіреді деген заңды сұрақ туындайды (ҚРОММ, 5552:10).

Міне осыған жауап ретінде полиция шенеуніктерінің бірінің сөзін келтірсек «Қазіргі кездегі қоғамдық өмірдің басты кемшіліктерінің бірі, халықтың санасында тәртіппен санасуға деген қажеттіліктің жоқтығы», – деп қынжылады (ҚРОММ, 8:88).

Отаршылдар жаңа жерлер, шикізат көздері, өндіргіш күштер ресурсі және өз товарларын өткізетін рыноктар үшін жүргізген саясатында неше түрлі қиырқы әрекеттерге барған еді. Елдің экономикалық, саяси билігін қолына алғаннан кейін, ол елдің тарихын, дінін, рухын, тәуелсіздігі жайындағы естелігін жоюға ұмтылды. Халыққа үнсіз мойын ұсынушылық пен дәрменсіздігін санасына сіңіру арқылы өз мақсаттарына жетпекші болды.

Әдебиеттер тізімі

Каппелер А. Две традиции в отношениях России к мусульманским народам Российской империи // Отечественная история (РАН). 2003. № 2. С.129-135.

Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві (әрі қарай – ҚРОМА). 825-қ., 1-т., 36-іс, 1-2-п.

ҚРОМА. 73с-қ., 2с-т., 1-іс, 5-п.

ҚРОМА. 52-қ., 1-т., 8-іс, 1-орама. 84-п.

ҚРОМА. 73с-қ., 2с-т., 1-іс, 5-п.

ҚРОМА. 73с-қ., 2с-т., 10-іс, 60-п.

ҚРОМА. 73с-қ., 2с-т., 2-іс, 18-п.

ҚРОМА. 73с-қ., 2с-т., 15а-іс, 10-п.

ҚРОМА. 73с-қ., 2с-т., 10-іс, 27-п.

ҚРОМА. 73с-қ., 2с-т., 1-іс, 60-п.

ҚРОМА. 64-қ., 1-т., 5590-іс, 2-п.

ҚРОМА. 64-қ., 1-т., 5554-іс, 2-п.

ҚРОМА. 64-қ., 1-т., 5552-іс, 10-п.

ҚРОМА, 52-қ., 1-т., 8-іс, 88-п.

Махаева А. Жүсіп Ақшора // Жас Түркістан. 1999. Қаңтар-ақпан. № 1(4). 8-14 бб.

Несипбаева К.Р. Роль и значение ислама в истории народов Центральной Азии и Казахстана // Саясат. 1997. №2. 16-18 бб.

Өзбекстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты (әрі қарай – ӨРОМА). 467-қ., 1-т., 90-іс, 41-41а пп.

ӨРОМА. 461-қ., 1-т., 338-іс, 26-п.

ӨРОМА. 461-қ., 1-т., 970-іс, 6-п.

ӨРОМА. 461-қ., 1-т., 1788-іс, 1-3 пп.

ӨРОМА. 461-қ., 1-т., 1886-іс, 403-п.

Рүстемов С.К. Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі (Шурои ислам) // Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2000. Т.2. 481 б.

Тынышбаев М. История казахского народа. Алматы: Қазақ университеті, 1993. С. 16.

References

Kappeler A. Two traditions of Russia in relation to the Muslim peoples of the Russian Empire // Patriotic History (RAS).2003. № 2. P.129-135[in Russian].

Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (hereinafter - KROMA). 825-q., 1-t., 36-is, 1-2-p.

KROMA. 73s-q., 2s-t., 1 is, 5-p.

KROMA, 52-q, 1-t., 8 is, 1- orama. 84-p.

KROMA. 461-q., 1-t., 338-is, 26-p.

KROMA. 461-q, 1-t., 970-is, 6-p.

KROMA. 461-q., 1-t., 1788-is, 1-3 pp.

KROMA. 461-q., 1-t., 1886-is, 403-p.

KROMA. 73s-q., 2s-t., 15a-is, 10-p.

KROMA. 73s-q., 2s-t., 10-is, 27-p.

KROMA. 73s-q., 2s-t., 1-is, 60-p.

KROMA. 64-q., 1-t, 5590-is, 2-p.

KROMA. 64-q., 1-t, 5554-is, 2-p.

KROMA. 64-q., 1-t, 5552-is, 10-p.

KROMA. 52-q, 1-t., 8-is, 88-p.

Махаева А. Zhushup Akshora // Young Turkestan. 1999. January-February. № 1 (4). pp. 8-14 [in Kazakh].

Nesipbaeva KR The role and significance of Islam in the history of the peoples of Central Asia and Kazakhstan // Politics. 1997. № 2. pp. 16-18 [in Russian].

Central State Archive of the Republic of Uzbekistan (hereinafter - OROMA). 467-q., 1-t., 90-is, 41-41a-p.

OROMA. 461-q., 1-t., 338-is, 26-p.

OROMA. 461-q, 1-t., 970-is, 6-p.

OROMA. 461-q., 1-t., 1788-is, 1-3 pp.

OROMA. 461-q., 1-t., 1886-1s, 403-p.
Rustemov S.K. All-Russian Council of Muslims (Shuroi Islam) // National Encyclopedia of Kazakhstan. Almaty, 2000. Vol.2. 481 p. [in Kazakh].
Tynyshbaev M. History of the Kazakh people. Almaty: Kazakh University, 1993. С. 16 [in Russian].

GTAMP 03.61.91

DOI 10.51943/1814-6961_2021_1_73

**СЫР БОЙЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖЕРГІЛІКТІ
БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ
(XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы)**

Досымбетов Н.А.^{1*}, Раздыков С.З.¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ

*Автор-корреспондент

E-mail адрестер: nur_dos88@mail.ru (Досымбетов), rasdikov@mail.ru (Раздыков)

Түйіндеме. Мақалада XIX ғ. аяғы мен XX ғ. бас кезіндегі Сыр бойы қазақтарының суландыру жүйесіндегі жергілікті басқару және ұйымдастыру мәселесіне талдау жасалған. Сыр бойында Ресей империясының билігі түбегейлі орныққаннан кейін суландыру жүйесін реформалау мақсатында түрлі заңдар мен нұсқаулықтар қабылдана бастады. Бірақ, суландыру жүйесін басқару және ұйымдастыру бойынша орталықтандырылған жүйесі енгізілгенімен, қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан әдіс-тәсілдері мен жосын-жоралғыларына шектеу қойылмады. XX ғ.-дың екінші жартысынан бастап осы өңірде қайта жандана бастаған егін шаруашылығы саласында арық қазу, тазалау, су бөлу және аталмыш істерді жүйелеп отыратын арық ақсақалы мен мұрап сынды халықтық басқару қызметі қалыптасқан дәстүрлі суландыру жүйесі болды. Мақалада қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілері, саяхатшылары мен шенеуніктерінің еңбектері және архив деректері қолданылды. Сонымен қатар, синхронды талдау әдісін қолдана отырып, ауыл шаруашылығы дамыған отырықшы халықтарда қалыптасқан суландыру жүйесін басқару және ұйымдастыру ісімен салыстыру жүргізілді.

Кілт сөздер. Сырдария, Түркістан, суды пайдалану дәстүрі, суландыру жүйесі, арық, мұрап, арық ақсақалы.

MRNTI 03.61.91

**ПРОБЛЕМА МЕСТНОГО УПРАВЛЕНИЯ И ОРГАНИЗАЦИИ
В ИРРИГАЦИОННОЙ СИСТЕМЕ КАЗАХОВ СЫРДАРЬИНСКОГО РЕГИОНА
(конец XIX – начало XX вв.)**

Досымбетов Н.А.^{1*}, Раздыков С.З.²

¹Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

*Автор-корреспондент

E-mail адреса: nur_dos88@mail.ru (Досымбетов), rasdikov@mail.ru (Раздыков)

Аннотация. В статье анализируются проблемы местного самоуправления и организации системы орошения у присырдарьинских казахов в конце XIX – начале XX веков. После окончательного установления господства Российской империи в Сырдарьинском регионе с целью реформирования оросительного дела были приняты различные законы и постановления. Несмотря на централизацию системы управления ирригационной системой, методы и технологии орошения, выработанные местным населением в течение многих веков не были подвергнуты изменениям. Во второй половине XX в. в сельском хозяйстве региона была возрождена традиционная